



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№18

(798)

22 мамыр

2020 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ИНТЕГРАЦИЯ ИІРІМІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТА САЯСИ МҮДДЕ КҮЙТТЕУ



КІМГЕ ТИІМДІ?

Кеден бекетінен тауарын өткізе алмай, тауы шағылған отандық кәсіпкердің жанайкайын жиі естіміз. Мұндай көпе-көрнеу бұра тарту жөнінде біз де газетімізде жазғанбыз («Комбайнның кілті көрісінде», «Жас қазақ» №36, 2013 жыл, «Одақтасың осы болса» №29, 2013 жыл, «Бұл заңға қарсымын!» №44, 2018 жыл).

Экономикада ортақ өріс қалыптастырып, еркін әрі кедергісіз

тауар тасымалын камтамасыз етуге тиіс еді бұл одақ. Бес жыл бұрын мамыр айының соңында іске кіріскенде бірлестіктің мақсаты мен мұраты осындай деген. Бұл жетіде интеграциялық бірлестікке мүше мемлекеттер басшыларының қатысуымен Жоғары Еуразия экономикалық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Қазіргі ахуалға байланысты бейнеконференция жүйесімен. Еуразия экономикалық комиссиясы (ЕЭК) осы жиынға «2025 жылға дейінгі Еуразия экономикалық интеграцияның стратегиялық даму бағыттары туралы» құжат жобасын талқылауға ұсыныпты.

(Жалғасы 2-бетте)

Сүт өнімдерін өндірумен айналысатын біздегі бір шаруа серіктестігі былтыр Ресей нарығынан кететінін мәлімдеді. Себеп – біреу. Кедергі көп. Терістік көршіге әуірімдеп апарған шектеулі өнімнің өзін «жарамсыз» деп сатқызбайды. Серіктестік өкілдері ақпарат құралдарына біздегі сауда орындарында Еуразия экономикалық одағына (ЕАЭО) мүше Ресей мен Беларусьте өндірілген сүт пен ірімшіктің толып тұрғанын, оларға есіктің айқара ашық екенін айтып, «неге?» деген сауалды көлденең тартып еді.

COVID-19

«ТЕҢІЗДІ» ТОЛҚЫТҚАН БІР ТАМШЫ ВИРУС

Атыраулық студент Айкөркем Күсесова індет кезінде ерлік жасады. Ерліктің үлкен-кішісі бола ма? Болса, Айкөркемнің ісін ер-азаматтарымыз жасай алмаған үлкен ерлік деу керек. Неге? Өйткені, ол covid-19 вирусын жұқтырғанын жасырмай, оны жалпақ жұртқа ашық жариялап, әлі де сенбей жүрген халыққа вирустан қалай сақтану керектігін, дерттің қаншалықты қатерлі екенін айтып түсіндірген алғашқы адам. Сондықтан оның бұл қадамын көп жұрт ерлікке, әрі-беріден соң батырлыққа балауда.



Батырлық демекші, батырлықтың да түр-түрі бар қазір. Бұрын қолына қару ұстап, елі мен жерін жаудан қорғаған сарбазды батыр

санайтынбыз. Қазір олай емес. Қолыңызға қару да, қалам да ұстамай, майдан шебіне бармай, үйде жатып та батыр бола аласыз. Алайда

батырлықтың бұл түрі көбіміздің қолымыздан келер емес.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

ӨНЕГЕ – ӨМІР



«Еңбекқор әулет» атанған Елеу атамиздың отбасынан төрт құбыласын түгендей түлеп, арзу армандарына құлаштай қол сермеген, миятты мұраттарын өмір межесіне айналдырған төрт бала өрбіді. Ұлағатты ұядан түлеп ұшып, кәсіби өмір жолында Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәжірибесін көрген, тәлімін алған, сол арқылы оның өмір мектебінен өткен Қырымбек Елеуұлы Нұрсұлтан Әбішұлының сенімді серіктерінің біріне, халықтың қалаулысына, мемлекетшіл тұлғаға айналды.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)

ӨЗЕКТІ

Жуырда Парламент Сенаты «Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заң жобасын өз түзетулерімен Мәжіліске кері қайтарған еді. Төменгі палата осы аптада Сенаттың түзетулері ескерілген заң жобасын мақұлдады. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева осы құжатты Президенттің саяси реформалар пакетіндегі негізгі бастамалардың бірі деп бағалады.

Айдана ӘКЕСИНА,
Президент жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының
ғылыми қызметкері:

ЖАҢА ЗАҢ УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ



Айталық, қатысушылардың бет-жүзін жасырмауды, соның ішінде киіммен немесе өзге де құралдармен бетін жаппауды талап ету бейбіт жиналысты ұйымдастырушының міндетіне кірмейтін болды. Былай қарағанда, бұл түзету вирустың таралмауын көздейтін сияқты болып көрінеді. Ал шын мәнінде белсенділердің бет-жүзін бүркемелеу құқығын мойындау болып табылады. Өйткені бетперде тағу бейбіт жиналыста қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қатер төндірмейді.

Осыған ұқсас ережені Австрия заңнамасынан байқауға болады. 2019 жылы дәл осы бетперде тағуға тыйым салу Гонконгтағы жаппай бас көтерудің триггеріне айналды. Мұндай шектеу әлі күнге дейін Испания, Дания және өзге де көптеген елдерде сақталған.

БҰҰ-ның бейбіт жиналыстар құқығы және қауымдастықтардың бостандық құқығы мәселелері бойынша арнайы баяндамашысы Аннализа Чампи бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар құқығы демократияның маңызды құрамдас бөлігі екендігін ұдайы атап көрсетеді. Өйткені бұл түрлі әлеуметтік топтарға өзінің саяси көзқарасын білдіруге, әдеби, көркем немесе басқа да мәдени, экономикалық және қоғамдық қызметпен айналысуға мүмкіндік береді.

Азаматтық қоғам, үкімет және жеке сектор қарама-қайшы көзқараста болуы мүмкін. Алайда қоғамдағы өзара байланыстың күрделі сипаты барған сайын ынтымақтастықты қажет етеді. Сондықтан митинг туралы заң жобасына азаматтық саланың пікіріне құлақ асу арқылы түзету енгізе отырып, мемлекет маңызды қоғамдық түйткілдерді әр саламен бірлесіп шешу артықшылығын пайдалануға тырысатынын көрсетіп берді. Сондай-ақ бұл қазақстандық қоғамда плюрализм мен толеранттылықтың либералдық құндылықтары анағұрлым айқын көрініс тапқанын білдіреді.



Жаңа заң уақыт талабына сай болуымен қатар, азаматтық қатысу мен құқықты кеңейту, азаматтық қоғам мүмкіндігін қолдауды паш етеді.

БҮГІНГІ САТИРА

Қайын жұртыма
қатырарым



(Бұл
туралы
8-беттен
оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
36,39

DOLLAR
415,25

EURO
454,66

РУБЛЬ
5,78



168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ИНТЕГРАЦИЯ ИІРІМІ

(Басы 1-бетте)

Бір қызығы, комиссия өкілдері аталған құжатты «президенттер қабылдады» деп жалпақ жұртқа алдын ала жариялап тастады. Сірә, кеңесі Мәскеуде орналасқан осы мекеменің ұйғарымын «бәрі бірауыздан қабылдай береді» деген сенімге арқа сүйесе керек. Олай болмай шықты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Комиссия өкілдері Стратегияны мемлекеттер басшылары

мәселелерді бесжақты форматта Еуразия экономикалық комиссиясын қатыстыра отырып қарастыру, оның нақты іске асуын қиындатады. Денсаулық сақтау, білім және ғылым салаларын Еуразия экономикалық комиссиясының құзыретіне толығымен беру оның экономикалық бағытын айтарлықтай өзгертіп жіберуі мүмкін. Бұл 2015 жылғы Еуразия экономикалық одақ құру туралы келісімнің мәніне қайшы келеді», — деп дипломатиялық тілмен дәл жеткізді.

Жалпы, мұндай интеграциялық бірлестіктің жемісті жұмыс істеуі үшін басты критерий мүше мемлекеттер арасында өзара тең, өркениетті, ең бастысы, әділетті қарым-қатынастың орнауы шарт екені белгілі. Ал ЕАЭО-да өзара сыйластыққа негізделген мәмілелі байланыстың ауылы ұзақ боп тұр. Оның бірсыпырасы айтылды. Біртұтас экономикалық кеңістіктегі тариф саясаты да бұлынғырлау. Мұны Беларусь басшысы А.Лукашенко жиі ауызға алады. Ол өз елінің табиғи газды одақтас Ресейден 127 долларға сатып алатынын, ал Мәскеудің Германияға «көгілдір отынды» 80 долларға беретінін «парадокс» деп бағалады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТА СЯСИ МҮДДЕ КҮЙТТЕУ КІМГЕ ТИІМДІ?

қабылдады деп алдын ала жар салды. Меніңше, олай деуге әлі ерте. Президенттерге оны талқылап, өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік берілуі керек. Әйтсе де, ЕЭК бәзбір өкілдерінің «біз құжатты дайындадық, қабылдау — президенттердің ісі» деп менменшілдік танытатын жағдайлар болып тұрады», — деп ашы шындықты жайып салды.

Қазақстан басшысы ең алдымен бірлестіктің ішкі нарығында тауардың кедергісіз әрі шектеусіз тасымалын қамтамасыз ету қажеттігін қадап айтты. Бұл жер-жерді жайлаған індет экономикаға жайсыз тиіп тұрған қазіргі кезеңде көкейкесті міндет болып тұр. Тауар қозғалысына қатысты тағы бір мысал. Күні кеше онтүстіктегі диқандар 300 мың тоннаға жуық қырыққабатты одақтас елдердегі тапсырыс берушілерге жібере алмай қиналды. Бұған «карантин кесірі» делі. Әйтеуір, Үкімет шұғыл шара қолданып, көкөністі рәсуа қылмай, елдегі тұтынушыларға таратты. 500 тоннасы Беларуське жөнелтілетін болды. Негізгі міндеті өзара сауда-саттық үрдісін үйлестіріп отыру болып табылатын әлгі комиссия, міне, осындай жағдайда іске белсене араласуы керек еді. Айта кеткен жөн, сауда-саттықты тежейтін кедергінің көп екенін кезінде Ресей президенті В.Путин де мойындаған болатын.

ЕЭК ұсынған Стратегияда оғаш, дұрысы, қисынсыз бір ұсыныс бар. Ол — таза экономикалық интеграция мәселесімен айналысатын осы комиссияның құзыретіне білім, ғылым және денсаулық сақтау салаларын беру жөнінде. Еске сала кетейік, одақты құруды көздейтін келісім жобасы дайындалғанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құжатқа экономикаға жатпайтын басқа салалардың енгізілмеуін табандылықпен қорғап қалған еді. Қ.Тоқаев мемлекеттің тәуелсіздігін бәрінен жоғары қоятын сол сабақтастық бағытын жалғастыратынын дәлелдеді. Одаққа мүше елдер арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың көпқырлы екенін қаперге салды. Оның экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық қатынастарды да қамтитынын атап өтті. Президент мемлекеттің ұстанымын «Аталған

Геосаяси мүддені күйттеп кеткен мұндай Стратегияны ұлттық қоғамдық ой-пікірдің қабылдамайтынын, сондай-ақ құжаттың үкіметтер мен парламенттердің дербес құқығын шектейтінін де ескерте кетті.

Комиссияның өз өкілеттігін кеңейткісі келген ниеті де іске аспай қалды. Көбіне Кремльге иек артатын бұл мекеме одақ мүшелерінің басқа елдермен өзара сауда-саттық бойынша жүргізетін екіжақты келіссөзіне үшінші тарап ретінде қатысудан дәмелі екен. Қ.Тоқаев бұл мәселені асықпай зерттеу қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, сарапшылар мен мамандар арасында қызу талқыланған кейбір тауар түрлерін міндетті түрде танбалау мәселесінде де еліміздің ұстанымы айқын. Мемлекет басшысы қазіргі дағдарыс жағдайында одақтың шығынды көп қажет ететін осы шешімін орындау соншалықты қажет емес деп есептейді. Бүгінгі ахуал одан да маңыздырақ көлік-логистика жүйесін жетілдіру, цифрландыру өрісін кеңейту, бизнесті қолдау, барлық ресурсы жұмыс орындарын тұрақтандыруға және сақтап қалу сияқты міндетті шешуді талап етіп отыр.

Осылайша, комиссия үкілеп әкелген Стратегия жобасы мақұлданып қалды. Бұл экономикалық одақты саясиландыруға бағытталған тағы бір әрекеттің қолдау таппағанын көрсетеді.

Ресейдегі бұрынғы кеңестік жүйені армандайтын күштер бұған дейін де ЕАЭО шеңберінде «ортақ валюта, ортақ азаматтық енгізейік» деп талай рет бастама көтерді. «Үлкен аға» болудан дәмеленіп жүргендер әлі де баршылық. Әлгі құжат мазмұнына саяси ренк беру Мәскеу стратегтерінің қазіргі қысылтан сөтте қоғамдық пікірді басқа арнаға бұру, сол арқылы ұпай жинауға тырысу болуы да мүмкін. Болғардың бір саяси шолушысы мұндай құбылысты «Кезекті дағдарысты еңсергісі келетін Кремльдің саясаты үнемі суырып салма әдетінен жаңылмайтын джаз оркестрінің өнерін еске түсіреді» деп сипаттап еді. Бәлкім, біліп айтқан шығар. Ірі алпауыттар арасында «ықпал соғысы» өршіп тұрған аймақта орналасқан еліміз үшін экономикада да көпқырлы саясат ұстану — көкейкесті мәнге ие.

Срайыл СМАЙЫЛ

АУЫС-ТҮЙІС

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН



Әлихан СМАЙЫЛОВ
Премьер-Министрдің бірінші орынбасары болып тағайындалды



Ерұлан ЖАМАУБАЕВ
Қаржы министрі болып тағайындалды

Павел КАЗАНЦЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Бұрыс тасымалдың схемасы мынадай: тасымалдаушылар Қазақстан арқылы өтеміз дейді де, жүк біздің елде қалып қояды. Не болмаса, Қазақстандағы бір елді мекенді көрсетеді, бірақ жүк басқа жаққа кетеді. Қосымша құн салығы, жанама салықтар төленбейді. Енді тиісті заң жобасына «халықаралық тасымалды бақылаудың ақпараттық жүйесі», сондай-ақ «электронды идентификатор» немесе «навигациялық пломба» түсінігін енгізу қарастырылды»



Қанат БАЙЕДІЛОВ, қаржы вице-министрі:

«Біз навигациялық пломба институтын енгіземіз. Оны қою көп уақыт алмайды, бір-ақ минут. Шекараға келіп жеткен автокөлікке пломба қойылып, іске қосылады. Соның сигналы бойынша көліктің әрмен қарайғы бағытын мемлекеттік табыс комитеті қадағалайды. Бағыттан ауытқыған жағдайда, пломбаны әдейі зақымдаса немесе алып тастаса, қатаң шара қолданылады. Біздің қолымыз ұзын. Облыс, аудандарда аймақтық бөлімшелеріміз жұмыс істейді»

Инфографика



Дереккөзі: индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Әлеумет.т⁰

ҚАЙТҚАН МАЛДА ҚАЙЫР БАР

Қараңғы батқан соң қалада көлік қоятын бос орын табылмайды. Кешкі сегізге дейін келіп үлгермесең, бітті. Үш жыл бұрын солай үлгермей қалған бір інішегіміз мәшинесін жол бойындағы ең жарық шамның астына қоя салды. Ұры-қары жарыққа жолай қоймас деген. Бірақ тапа тал түсте біреудің айнасын шешіп алатын баукеспе шамнан қорықсын ба? Ергеніне әлгі інішек темір тұлпарының орнын сипап қалды. Арыз-шағымын тіркеуге келген полиция қызметкері «күдерінді үз» дегендей сынай танытқан. Туған-туыс, жора-жолдас та жан-жақтан «күдерінді үз» деп жамырастық. Кайтейік, ішіміз ұдай ашыса да «басын аман болсын» деген жұбатаумен ол тақырыпты жылы жауып қойғанбыз.

Түп-тура жарты жыл өткенде жақсы хабар келіп жетті. Көрші қырғыз елінен. Қолды болған мәшине сол жаққа өтіп кетіпті. Алты айдың ішінде екі адамға сатылып, үшіншісіне кідірген. Сатып алған көлігіне кілемін салып, жудыруға бара жатқан жерінен ұсталған әйел сорлағанын сонда білді. Сорламай қайтеді, 7000 долларды санап берсе. Біздің інішек сүйінші хабарды ести сала, қырғыз еліне алып-ұшып жетті. Мәшинесін сол жолы-ақ мініп қайтам деп үміттенген. Сөйтсе, көлік табылғанымен, иесіне «ала ғой» деп бірден ұстата салмайды екен. Ақыры не керек, бір жыл өткенде әрең алып қайтты. Жүйкенің жұқарғанын айтпағанда, оған қаншама қаржы жұмсалды. Туған-туыс, жолдас-жора әңгіме ғып армансыз «жырладық». Гомердің «Одиссейі» де дәл мұндай ұзақ емес. Әйтеуір, «қайтқан малда қайыр бар» деп қазір сол көлігін мініп жүр. Шекараға дейін шығарып салған қырғыз бауырлардың «жолын болды» деп бірге қуанысқанын әлі күнге дейін айтады.

Иә, осылайша жолы болған бір адамды білеміз. Сан соғып қалғандар қаншама? Депутат Василий Олейниктің келтірген дерегі бойынша, 1993 жылдан бері елімізде 75 мың автокөлік қолды болса, оның 14500-і ғана табылған. Ұрланған қымбат мәшинелер шекара асқан соң із-түзсіз жоғалады. Жыл өткен сайын көлік ұрлығы көбеймесе, азаятын түрі жоқ. Оған министр Ерлан Тұрғамбаевтың өз уәжі бар. Оның айтуынша, соңғы 5 жылда автокөлік ұрлау 30 пайызға кеміген. Қайдам.

ТМД аумағында ұрланған автокөлікті қайтару туралы 2005 жылы қабылданған мүше мемлекеттер арасындағы Келісім бар. Осы аптада сол Келісімге өзгерістер енгізу протоколын ратификациялау туралы заң жобасы Мәжілісте мақұлданды. Ішкі істер министрінің айтуынша, мүше мемлекеттердегі құзырлы мекемелер жіберген сұрауға жауап қайтаруға асықпайды. 15 жылда елімізде ұрланған автокөліктің 30 пайызы ғана қайтарылды. Осыған орай әлгі келісімге сұрауды орындату мерзімін бір ай деп белгілеу нормасы енгізілді. Құжат іске қосылса (*оған күжәмііз жоқ*), ел аумағынан аулаққа әкетілген мәшинелерді қайтару жеңілдеуі тиіс.

Әлбетте, бұл да керек. Алайда ұрлықтың алдын алған әлдеқайда тиімді емес пе? Айтпақшы, Ерлан Тұрғамбаев автобазардағы ескі бөлшектер саудасына қатысты заң жобасы әзірленіп жатқанын жеткізді. Бұл да көлік иелері үшін жақсы хабар. Соңғы жылдары аула мен көшедегі көлік атаулының айнасынан бастап дөңгелегіне дейін үптеп кететіндер қаптады. Денис Теннің қазасынан кейін ескі автобөлшектер саудасы бақылауға алынғанымен, ұрлық азайған жоқ. Карантин біткеннен кейін ұры-қары «тіріліп», суық қолдар сұмандайтын уақытты жұрт үрейлене күтеді. Сондықтан заң жобасы созбаққа салынбай қабылдана және осы істі орта жолда қалдырмай аяғына дейін жеткізсе, автокөлік иесі тыныш ұйықтар еді. Ал әзірге ол — арман.

Гүлнар АХМЕТОВА

Сөз-Жебе



Айжан ЕСМАҒАМБЕТОВА,
Бас санитарлық дәрігер:

«Төтенше жағдайды алып тастау карантинді бұзу дегенді білдірмейді. Вирус ешқайда кеткен жоқ, оның тарау жылдамдығы өзімізге байланысты. Карантин шараларын сақтамасақ, қайтадан оқшаулануға мәжбүр боламыз»

Covid-19

(Басы 1-бетте)

Жұмыр жерді жұтып жіберердей жарты жылда бүкіл әлемге ауыз салған вирус біздің де сабырымызды тауысты. Бұл бөлек әңгіме...



«ТЕҢІЗДІ» ТОЛҚЫТҚАН БІР ТАМШЫ ВИРУС

Covid-19 вирусын дәрігерлер құпия ұстайтын ауру немесе намыстанатын дерт емес екенін әу баста-ақ айтқан. Бірақ осы күнге дейін ковид жұқтырды дегенді Айкөркемнен басқа бір адамнан, не жакындарынан естіген емеспіз. Вирусқа шалдыққаныңызды ешкімнен жасырмасаңыз, қаншама адамды осы індеттен аман алып қалатыныңызды білесіз бе?

Айкөркем әлгі індетті Канададағы оқуынан елге Амстердам арқылы қайтқан жолында жұқтырып алыпты. Онысын жасырып отырған жоқ. Газетіміздің Атыраудағы тілшісі Баян Жанұзақоваға берген сұхбатында «Қазір халық арасында «вирус жок, ауруханаға жатып шығу үшін, ақша төлеп жатыр» деген алып-қашпа әңгімелер жүріп жатыр. Бірақ коронавирус ойыншық емес. Ол бар. Қауіпті індет біздің арамызда жүр» деген. Айкөркемнің айтуынша, оның індеттен құлан-таза айығып шығуына дәрігерлердің көмегі көп тиіпті. Ақ халатты абзал жандар әрбір наукасты дәрімен ғана емес, жылы сөзбен де емдейді. Індетті жеңген қыз «Адамдар әлі ешнәрсе түсінген жоқ. Бірақ бір сәтке дәрігерлерді ойлайықшы! Біз емделіп шықтық. Амандық болса, басқа да науқастар емделіп шығады. Ал дәрігерлер соңғы науқас жазылып шықпайынша, үйлеріне қайтпайды. Дәрігерлер де

адам ғой. Олардың да кішкентай балалары, отбасы бар. Бейбіт заманда үйіне айлап бара алмаудан артық кандай қасірет болуы мүмкін? Күн сайын дем алдырмайтын кәстөммен жүрудің өзі де онай емес. Өз өмірін қауіпке тігіп, бізді емдеп, жағдайымызды сұрап, қолдау білдіріп жүр. Мен үшін дәрігерлер

Жедел штаб таратқан мәліметке сенсек, індетке шалдыққандардың дені — Теңіз кенішіндегі мердігер мекемелердің қызметкерлері. Бірақ сол бірнеше жүз адамның біреуі халыққа ауру белгісін айтып, қатерлі індет туралы түсіндіруге батылдық танытпай отыр. «Теңізді» толқытқан бір тамшы вирустың қатерін бір адам шығып айтса, соның өзі жетіп жатыр еді.

Күн сайын өрісі кеніп, етек-жеңі жайылып бара жатқан вирусқа жедел шара қолданған жергілікті әкімдік қызметкерлері Теңіз кенішінде 230 орындық

инфекциялық стационар ашты. Қазіргі уақытта мұнда ТШО мердігер мекемелерінің 211 қызметкері ем қабылдап жатыр. Атырау облыстық №2 аурухананың бөлімшесі болып табылатын орталық вахталық лагерь аумағына орналасыпты. Кен орнында бұдан бөлек, 80 орындық провизорлық стационар мен 610 орындық карантиндік стационар тағы бар.

Жедел штаб өкілдерінің айтуынша, қазіргі уақытта стационарда вирус жұқтырған адамдармен қарым-қатынаста болған 2000-нан астам адам карантинде жатыр. Жедел штаб өкілдері «Карантиндік шара уақтылы енгізілмей, блок-посттар дұрыс орнатылмаған кезде, эпидемиологиялық жағдай бақылаудан шығып, инфекция облыс орталығына таралуы мүмкін еді», — деп жағдайды түсіндірген.

Алайда жұкпалы дертпен ауырған үш наукас қазір жансактау бөлімінде. Үшеуі де Теңіз кенішінің жұмысшылары. Осы аптада Теңіз кенішіндегі жағдайды тұрақтандыру үшін арнайы жұмыс тобы құрылды.

Құрамына Атырау облысы әкімінің екі орынбасары, бірқатар облыстық департаменттер мен құқық қорғау органдарының басшылары, ТШО басшылығы және облыстың бас дәрігері кіретін жұмыс тобы Теңіз кенішіне барды. Олар осы үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжанов тапсырмасының орындалу барысын тексерді.

Жарас ШӨКЕ



қаншама наукас карантинде жатыр. Бірақ бірде-біреуі өзінің ковид жұқтырғанын, жұртқа бұл індеттің бар екенін, онымен қалай күресу керектігін айтпайды. Әсіресе, соңғы күндері індет жайылып кеткен Теңіз кенішіндегі жағдай өте күрделі. Бас санитарлық дәрігер Айжан Есмағамбетованың 20 мамырда келтірген дерегі бойынша, Теңіз кен орнында 935 адам коронавирус жұқтырған.

Қаз-қалпында

Таңғы сағат тоғыз. Блокбекетте тұрмыз. Адам мен көліктен қара жер қайысатындай.

Қалың кезектің тұмсығы блокбекетке барып тірелген, арты сонау Бесағаштың бағдаршамына дейін созылыпты. Бұл Алматы-Талғар күрежолындағы бекет. Жұрт төтенше жағдай мен карантин режимін әлі түсінбегендей. Оны әлгі қалың кезекте тұрып жүйкесі жұқарған жұрттың ішкі істер қызметкерлеріне дауыс көтеріп, жаға жыртасып жатқанынан байқадық.

Жаяу жолаушылар өтетін орын мен автокөліктерге арналған қақпа екі бөлек екен. Жаяулар қақпасынан кейбіреулер жұмысынан алған рұқсат қағазы мен блокбекеттен өтуге тіркелген құжатын көрсетіп өтіп жатыр. Қалада тіркелгендер мен ұшаққа билет алғандар, дәрігердің жолдамасы барлар кіріп жатыр. Оларға еш кедергі жоқ. Ал рұқсат құжаты жоқ

толып қалыпты. Оның үстіне біздің тілші екенімізді білген соң, «тиегін» ағытты-ау.

— Шымкенттен мына Бесағашқа құдалық сөйлесуге келгенбіз. Қасымдағы туыстарым келген күні түнге қарай ауылға кетіп қалды. Мен бір жерлесімнің үйінде қалып қойдым. Алматыға күнде келіп жатпаған соң, бір қонып, қонақ болып қайтайын деп ойлағанмын. Қайдан білейін, жолдың бұлай тарс жабылып қаларын? Әлгі үйде асықпай қонақ болып жолға шықсам, барлық жерде блокбекет. Ары жалындық, бері жалындық. Өткізбеді. Оның үстіне әлгі

АРҒЫ БЕТІ БЕКЕТТІҢ, БЕРГІ БЕТІ...



Фото: kkk.kz

— Карантин режимін алып тастады ғой. Сендер бізді неге өткізбейсіңдер?

— Министр «Қала манындағы тұрғындар кіре алады» деп айтқан жоқ па?

— Сендер карантинді қолдан жасап, ақшамен адам өткізіп жатырсыңдар, — деген дауыстар жан-жақтан шығады. Соған қарап-ақ біз тұрғындардың карантин мен төтенше жағдай режимін әлі ажырата алмағанын түсіндік. Жүйкесі жұқарып тұрған жұрттың қайсысына түсіндіресің? Ешкім сөз көтермейді.

жолаушылар соны түсінбей, тәртіп бұзып, қиғылық салады.

Гүлсім есімді елуден асқан әйел бекет қызметкерлеріне жалынып-жалпайып әлек:

— Айналайын балаларым, мен Шымкенттен келгелі екі ай болды. Жіберіңдерші! Үйіме, бала-шағама барайын. Қолымда паспортымнан басқа еш құжатым жоқ. Рұқсат алатын жерім де жоқ. Қайдан рұқсат алуды да білмеймін!

Мәселенің қалай болғанын сұрап-білгіміз келді. Әлгі кісіге жақындап әңгімеге тарттық. Іші

ауылдасым «Абыр-сабыр басылсын, сосын бір амалын тауып шығарып салармын» деп үйіне алып кетті. Содан қалып қойдым. Тұп-тура екі ай әлгі екі үйде жүрмін. Оның бірі — әлі қызын алмаған болашақ құдамыз. Екіншісі — жерлесім. Ол да топты балалы-шағалы... Қатты қиналып кеттім. Ұяттан өлер болдым. Бала-шағамды да сағымды!» деп көзіне жас алды. Киноға бергісіз оқиға екен. Естігендердің біреуі күліп, біреулердің жаны ашып жатыр.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Өлді деуге сыя ма



БЕЙСЕН БЕЛЕСІ

«Жазмыштан озмыш жоқ. Аспаннан түскен әмірге амал бар ма?» Ардақты асылын, қимас қадірлісін ақтық сапарға аттандырған қаралы жұрттың қайғысын жұбату сөз баса алар емес. Тасбұлақтың суындай жаны таза, қамқор дос, ақпейіл азаматтың енді арамызда жоқ екеніне көңіл құрғыр сенбейді. Бірақ тағдырдың жазуына амал қанша? Айтуға қиын...

Өнерінің бабын тауып, бағын жандырып, замандас-қатарынан оза шауып, өшпес із қалдырып, елдің көл-дария құрметіне бөленген Бейсен дара тұлға еді. Қазіргі заманауи тілмен безбендесек, күллі көрерменнің көңіл төріне жол тапқан нағыз феномен болды. Атырау мен Алтайдың арасын жайлаған Қазақ елінің қай түкпірінде болсын, оны білмейтін, өнеріне сүйсінбейтін жан жоқ-тұғын.

Ақмылтық журналист Қазақ телевизиясын биік белеске көтерді.

Болашақта зерттеушілер — Бейсентанушылар оның шығармашылығындағы асыл қазынаны осы белестен табары анық.

Жүргізушілігі әсіре жасандылықтан ала, кәсіби шеберлікпен дараланып тұратын. Өзі жазғандай, мықты журналистің, ұшқыр журналистің ерекшелігі мынада: атмосфераны берумен бірге, жылап келген адаммен бірге қосыла жыламай, онымен бірге сары уайымға салынып кетпей, адамға үміт сыйлай білуде. «Айтуға оңай» сол үмітті ақтады. Төніректі түгел көре білетін, білімді де зерделі, кең аңғарлы азамат жөнін ұқтырмайтын нарық заманында халыққа сөз ғана емес, іс-әрекет керектігін жете түсінді. Қазақтың ақыл парасаты — Абайға жүгінді. Ұлы ақынның еліне барып қайтқан соң «Қарекет» бағдарламасы дүниеге келді.

Аймақтық «Жетісу» телеарнасын республикалық деңгейге көтерген медиаменеджерлігі өз алдына бөлек әңгіме.

Бала кезде футболшы болуды армандаған Бейсен спорт, соның ішінде қазақ күресінің өрлеуіне көп еңбек сіңірді. Інісі Сәрсен түркі жұртының төл өнері — шөгенді (поло) Қазақ топырағымен қайта қауыштырғанда қолдау-көмегін аяған емес. Бір жолы өзі де шөген ойнап, Дала ұланы атқа отырысы, әбжіл қимылымен бәрімізді танқалдырып еді. «Болдым-толдым» демейтін. Үнемі өнердің жана өрісін іздеп жүретін. Бір кездескенімізде «Аға, Шымбұлаққа барайық, шаңғы тебуді үйренгім келеді. Бір көрсетсеңіз болды, сырғанап кетемін» деп еді айрықша құлшыныспен. Бауырымның осы ниетін іске асырмақ болғанбыз. Бірақ ауыр кесел оған мүмкіндік бермеді...

Бір атаның емес, бар қазақтың баласына айналған Бейсен Құранбек аққан жұлдыздай өте шықты. Бергенінен әлі берері көп еді.

Бақұл бол, бауырым!

Срайыл СМАЙЫЛ

* * *

ҚАДІР ТҮНІНДЕГІ ДУҒА

Алтындай інім

Бейсен ҚҰРАНБЕКТИҢ қазасына

Қадыр түні. Қайғырдым.

Кібісенің басы мұң. Қайырмадан сөгілдім.

Қайратымнан жасыдым.

Саған Құран бағыштап отырамын деп пе едім...

Айналайын інім-ай, арда туған асылым!

Қайтсем екен өксіткен жүректегі шеменді,

Қадір түнгі дұғамды естірмісің сен енді.

Қара жерге тапсырып сенің асыл дененді,

Қасірет қой, қасірет — жазған мынау өленді.

Басқа түссе баспақшыл...

Түн сейіліп, таң келер.

Енді өзіңсіз дүниеге таңдар қалай сән берер?

Айтуға оңай болғанмен...

Қиын, қиын бұл тағдыр,

Сендей адам болмаса, қиналғанға дем берер.

Қайратыңды халқыңа арнау еді-ау арманың,

Қарекетпен талайдың ақ үмітін жалғадың.

Жылағанның көз жасын құрғатам деп, ардағым,

Жүрегіңе салдың-ау дүниенің салмағын.

Қадір түні. Қасірет.

Көп-ақ біздің күнәміз,

Жақсылығын жақсының өлгеннен соң ұғамыз.

Айналайын інім-ай, жолдас болсын иманың,

Қолдан келер қайран жоқ...

Қабыл болғай дұғамыз! Қабыл болғай дұғамыз!

Әумин.

Темірғали КӨПБАЙ,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

MEGAPOLIS

Дәл қазіргі уақытта Шымкентте жол құрылысы саласында өзгеріс көп. Шаһар басшылығынан бастап бұл іске табанды түрде кіріскен сыңайлы. «Жол құрылысының сапасы – басты назарда» деген қала әкімінің өзі салынып жатқан және жөндеу үстіндегі жолдарды тікелей қадағалауда. Төтенше жағдай Шымкенттегі жол жөндеу жұмыстарына қолбайлау болмауы керек. Көшедегі көлік қозғалысының аздығы мен жұрттың жаппай үйде отырған сәтін тиімді пайдаланған жөн. Осы орайда мегаполистің тынымсыз тіршілігінің тынысын білу үшін Шымкент қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Абай Тұрхановты әңгімеге тарттық.

Jas qazaq: Жолдар — қаламыздың құретамыры. Еліміздегі үшінші мегаполистегі қалалық маңызы бар Республика және Қонаев даңғылы, Байтұрсынов көшелеріндегі жол құрылысы қашан аяқталады? Жалпы бір жолды

А.Тұрханов: Шымкент қаласындағы Сайрам-су өзенінен өтетін көпірді қайта құру жұмыстары 2019 жылы басталған. Аяқталу мерзімі осы жылдың мамыр айына жоспарланған болатын.

Елімізде енгізілген төтенше жағдайға қарамастан, мердігер компания қайта құру жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтады. Көпір құрылысын «Корпорация Береке-А» ЖШС жүргізді.

Аталған мердігер компания 5 жылға кепілдік беріп отыр. Айта кетсек, 433,87 млн теңгеге жобаланған көпірдің құрылыс жұмыстарына өткен жылы 200 млн теңге бөлінген.

Биыл қалған бөлігі игеріліп, көпір ел игілігіне беріліп отыр. Мамандар оң бағасын берді.

Jas qazaq: Бадам өзеніндегі көпірді қайта құру жұмыстары ше? Жұмыстар жоспар бойынша жүріп жатыр ма?

А.Тұрханов: Бадам өзеніндегі көпірді қайта құру жұмыстары қарқынды. 2019 жылдың қараша айында Шымкент қаласы аумағындағы Қорғас — Алматы — Шымкент — Өзбекстан Республикасының шекарасы А-2 автомобиль жолындағы Бадам өзенінен өтетін көпірдің бір бөлігі пайдалануға берілген болатын. Көпірдің жалпы ұзындығы - 144 метр болса, жүріс

карталары арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде қазіргі қолданатын тарифпен төлейді. Ал қолма-қол ақшамен төлеу кезінде тариф жоғары болмақ.

Бұдан бөлек, аталған жүйені медицина, білім беру жүйелерімен біріктіру арқылы, яғни оқушыларға мектеп асханаларында көлік картасымен төлеу мүмкіндігі берілмек. Ол мектептерге қасалық аппараттар тегін беріледі. Қаламызда карантин енгізілуіне байланысты, тиісті жабдықтарды жеткізу жұмыстары кешіктірілуде. Дегенмен, бұл мәселе таяу уақытта толық шешімін табады.

Қазіргі таңда жеткізушіге төлемәкіның 50% төленген. Жабдықтарды жеткізу ағымдағы жылдың 1 мамырынан басталды. Ал тамыз айынан бастап жоба толық іске қосылмақ.

Айта кетсек, қоғамдық көліктерге электрондық билет жүйесін енгізу бойынша

қыылысындағы көлік өткелдері, А-2 автокөлік жолының бұрынғы коқыс полигонынан Ынтымақ шағынауданына дейінгі бөлігін жөндеу, Жібек жолы, Төрқұлов, Адырбеков, Бадам өзеніндегі автокөлік көпірлері мен Сайрам су өзеніндегі Ленгір бағытындағы көпірді қайта құрылымдау жұмыстары бар. Бұған қоса, 50 шақырым жол мен 2 көпір толық жөнделіп, 308 шақырым жол орташа жөндеуден өтеді.

Жалпы, 223 нысан пайдалануға берілсе, 2 нысан 2021 жылға өтпелі. Осы мамыр айының соңына дейін 136 нысан, ал маусым-тамыз айларында 75 нысан ашылады деп күтілуде. Күзде тағы 5 нысан пайдалануға берілмек. Ал Республика даңғылы мен Рысқұлов көшесін орташа жөндеуден өткізу 2021 жылға өтпелі.

Jas qazaq: Шымқалаға кіреберіс көпір қасбетінің жаңарып жатқанынан хабарымыз бар.



Абай ТҰРХАНОВ:

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА!

жыл сайын жөндеудің қажеті бар ма?

А.Тұрханов: Жол саласындағы жұмыстар негізінен қайта құрылымдау мен жөндеу болып бөлінеді. Биыл Шымкент қаласында 10 нысан — 13 шақырым жол, 3 көпір, 1 он жак өткел қайта құрылымдаудан өтеді деп жоспарланған.

Сіз айтты отырған Республика және Қонаев даңғылы, Байтұрсынов көшесі жыл сайын орташа жөндеуден өтіп келеді. Ал толыққанды жөндеуден осыдан 12 жыл бұрын, яғни 2008 жылы өткен. Сондықтан, «жылма-жыл тұрғындарды әбігерге салып қойды» деу негізсіз. Қала тұрғындарының қолайлылығы үшін қажеттілігі туындаған бірнеше көшелерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, су құбырлары ауыстырылуда.

Ал Байтұрсынов көшесіндегі №47 мектептен «Болашақ» колледжіне дейін жаяу жүргіншілер аймағының бойымен өтетін құбырлар қазіргі таңда алмастырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Туғызылған қолайсыздықтар үшін қала тұрғындарынан түсіністікпен қарауларын сұраймыз. Бұл құбырларды төсегелі 30 жылдан астам уақыт өткен. Егер оларды уақытында ауыстырып, тиісті көңіл бөлмесек, кейін бәрімізді әбігерге салары анық. Ал көшелер, сәйкесінше, жуық арада қалпына келтіріліп, қаламызды көркейте түспек.

Қонаев даңғылының ұзындығы 580 метр, бұл аумаққа бюджеттен 725 миллион қаржы қаралған. Биылға дейін 101 миллион теңге игерілді. Биыл тағы 200 миллион теңге бөлініп отыр. Қалған қаражат алдағы уақытта беріледі. Қазір көріз жүйесі мен электр бағаналарын, газ жүйесін алу жұмыстары жасалуда. Мұнан бөлек, бұл жердің топырағы құрылысқа жарамсыз. Сондықтан топырағы алынып, тас төселуде.

Қаладағы Гагарин көшесі мен Республика даңғылындағы жол құрылысы да қарқынды жүруде. Республика даңғылындағы жөндеу жұмысының не үшін жүргізіліп жатқанын түсіндіре кетейін. Көптеген тұрғын бұл мәселеге сынмен қарауда. Байқасаңыздар, жолдың бөлу жолағының бір шетіне су қашырғыш құбырлар, екінші жағына астау орнатылуда. Құбыр қойған себебіміз, оның үстіне веложол салынады. Сол себепті асфальтті жанбыр суы көбіне астауға қарай құйылатын етіп төсейміз. Жауын-шашын кезінде су сол арнаға құйылады да, жолды су басу қаупі болмайды. Бұл жүйені Байтұрсынов көшесінде байқап көрдік. Соңғы жауын кезінде жұмысы аяқталмаған екі аумақты қоспағанда, мұнда су басу жайты болған жоқ.

Айта кетейік, Республика даңғылының екі бағытында да 4 жолақты жол қарастырылған. Ұзындығы 5,2 шақырымды құрайтын көпір мен даңғылдың күрделі жөндеу жұмыстарына бүгінде 150 жұмысшы жұмылдырылған. Бұл жұмыстарды 2021 жылдың қыркүйек айында аяқтау жоспарланған.

Jas qazaq: Жалпы біздің қалада жолдардың ұзындығы қанша шақырымға созылып жатыр?

А.Тұрханов: Шымкент қаласындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 2980 шақырымды құрайды. Оның 56,5 пайызы қанағаттанарлық жағдайда. Қаладағы жол сапасын дамыту мақсатында 417,6 шақырым жолдың құрылыс-жөндеу жұмыстарына биыл бюджеттен 25,6 млрд теңге бағытталған. Оның 5,1 млрд теңгесі республикалық қазынадан болса, қалғаны жергілікті бюджет есебінен жүргізілуде. Нәтижесінде 294 шақырым жол мен 6 көпір және 1 жолайық пайдалануға беріледі.

Jas qazaq: Жуырда ғана Сайрам-су өзеніндегі көпір пайдалануға берілді. Көпірдің құрылыс жұмыстарын мамандар қалай бағалап жатыр?

бөлігінің ені — 11,5 метр және жалпы ені 28,2 метрді құрайды.

Көпір 2 бөліктен тұрады, 1 бөлігінің құрылысы аяқталып, қазіргі таңда ел игілігіне берілген. Көпірдің екінші бөлігінде 2 жағалауындағы және 2 аралық қалалар құйылды.



Жоспар бойынша көпір құрылысы толығымен 2020 жылдың желтоқсан айында аяқталады деп жоспарланған.

Jas qazaq: «Шымкентте қоғамдық көліктер электронды төлем жүйесіне көшеді» дегелі көп айдын жүзі болды. Карантин кезінде бұл мәселе, тіпті өзекті болып кетті. Дейтұрғанмен, осы мәселе шешімін тапты ма?

А.Тұрханов: Қаламыздағы қоғамдық көліктерге электрондық төлем жүйесін енгізу жоспарлануда. Жоба «QazSmartTrans» ЖШС жеке инвесторлар есебінен іске асырылады. Ол жүйе биыл демалыс уақытында (жолаушылар ағыны ең төмен кезінде) іске қосылмақ. Бүгінгі таңда, жүйені енгізу үшін 24 көлік компаниясымен шарт жасалды. Қазір автобустарға кабель мен сымдарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жеке көлік карталарын шығару үшін, қоғамдық көлікте тегін жүретін әлеуметтік санаттарға жататын азаматтар, жоғары оқу орындарында оқитын студенттер, мектеп және орта арнаулы



оқу орындарындағы оқушылар туралы деректер жинақталуда.

Электрондық төлем жүйесінің артықшылығы көп, яғни жолаушылар көлік картасымен, SMS, QR-код, смартфонды (NFC) колдана отырып, жол жүру ақысын төлей алады. Ал тарифті белгілеу мәселесіне келсек, бұл ретте көлік

қажетті мәліметтерді қала тұрғындарының назарына жеткізу мақсатында тиісті іс-шаралар әзірленуде. Бұл ретте арнайы PR акциялар өткізілмек, сондай-ақ жарнамалық бейнероликтер мен буклеттер дайындалып, оған еріктілер (волонтер) жұмылдырылады.

Jas qazaq: Сосын «2ГИС» мобильді қосымшасында автобустардың жүру уақыты мен жүру уақытына дейін көрсетіледі» акпараттың тарағанына да біраз уақыт өтті. Бірақ серверде мұндай ақпараттар әлі күнге қолжетімсіз болып тұр.

А.Тұрханов: Иә, ондай ақпараттардың қолжетімсіз болып тұрғаны рас. Бұл олқылықтың орны электронды билет жүйесіне көшкен кезде толтырылатын болады.

Jas qazaq: Қалада жол құрылысы жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр. Жұмысшы тапшылығы сезіліп жатқан жоқ па?

А.Тұрханов: Шымкент қаласында жол құрылысына



Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында 3 198 адам жұмылдырылмақшы.

Басқарма мамандары тек жолдар мен көпірлерді жөндеп қана қоймай, тұрғындарға қызмет көрсетуілін бақылайды. Мысалы, қалаға қарасты 4 аудандағы жалпы ұзындығы 90 шақырым жолды қамтып, жол сызықтарын, жол қозғалысын реттеуді күтіп-ұстауды басқарма мамандары атқаралы.

Бұл шаруаларға жергілікті тұрғындар көптеп тартылуда. Әсіресе, жұмыссыз азаматтарды еңбекпен қамту басты назарда тұр.

Мысалы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында биыл 3 198 адам жұмылдырылмақ. Оның ішінде 1 621 адам жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыссыз азаматтардың қатарынан алынады. Сондықтан жұмысшы тапшылығы сезіліп жатқан жоқ.

Jas qazaq: Жалпы биыл жол саласында неше нысан пайдалануға берілді?

А.Тұрханов: Биыл Шымкент қаласында 10 нысан — 13 шақырым жол, 3 көпір, 1 он жак өткел қайта құрылымдаудан өтеді деп жоспарланған. Бұлардың қатарында А-2 автожолы мен Темірлан тасжолының

Сонымен, оңтүстік кіреберістегі көпір қандай болмақ?

А.Тұрханов: Жуырда қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы Шымкенттің оңтүстігінен кіреберісіндегі көпірдің қасбетін өзгерту мәселесін мамандармен талқылады. «Қалаға кіреберіс ерекше, заманауи мегаполиске кіріп келе жатқанынды сездіретіндей болу керек» деген ойын да жеткізді. Осы орайда біз көпір қасбетін көп шыдамды тастармен әрлемекпіз. Ал ол тастар Шымшаһардың өзінен шығатын жергілікті «Бесқұдық тас» компаниясында шығарылады. Сол жарамдылығы ұзаққа жететін әрі шыдас беретін тастармен көпірдің тірек қабырғаларын қаптайтын боламыз.

Jas qazaq: Қаладағы суарылатын жерлердің ирригациялық инфрақұрылымын жаңғырту мәселесі шешімін қалай тауып жатыр? Құпия болмаса, оған қанша қаржы қаралған?

А.Тұрханов: Шымкент қаласында биыл ұзындығы 134,4 шақырым болатын 11 канал қайта жаңартылады. Қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы Асқар Қаныбеков бүгінде Шымкентте жалпы ұзындығы 241,24 шақырымды құрайтын 27 каналдың бар екенін айтқан еді. Биылғы жаңартатын 11 каналдың бірі ұзындығы 10 шақырымды құрайтын «Өтеміс» каналы. Бұл су арнасында күрделі жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Сметалық құны 545 миллион теңге құрайды.

Суармалы жерлердің инфрақұрылымын жаңғырту арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына айрықша серпін беретінін айтқан қала басшысы ирригациялық инфрақұрылымды дамыту және жаңғырту жобаларын іске асыруды тездетіп бастауды, сондай-ақ қаражаттың тиімді игерілуіне тиісінше бақылау жүргізуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Айта кету қажет, «Шымкент қаласының өзен және канал арналарына механикалық тазалау бойынша сервистік қызмет көрсету» мемлекеттік жекешелік әріптестік жобалары бойынша 2020-

2024 жылдарға 850 миллион теңге қаралған. Тағы 16 канал арнасын (117,3 шақырым) механикалық тазалау көзделіп отыр.

Jas qazaq: Ірі көшелер ғана емес, шағынаудандар мен елді мекендердегі көшелердің жағдайы не болып жатыр?

А.Тұрханов: Шағынаудандардағы көшелерді 2020 жылы күрделі және орташа жөндеу, шағал тас төсеу жұмыстарына 16,5 млрд теңге бөлінді. Жалпы ұзындығы 50 шақырым болатын 69 көше күрделі жөнделеді. Ал 207 көшеде (290 шақырым) орташа жөндеу жұмыстары атқарылады. Тағы 90 шақырым жолға шағал тас төселмек.

Шымкент қаласындағы автокөлік жолдарының жалпы ұзындығы 2 980 шақырымды құрайды. Оның ішінде 1758 шақырымға асфальт төселсе, 1107 шақырым тас жол бар. Ал 111 шақырымы — топырақ жол. Жолдардың 56,5 пайызы немесе 1 682 шақырым жолдың жағдайы жақсы және қанағаттанарлық деп саналса, 43,5 пайызының (1 293 шақырым) жағдайы сын көтермейді. Оның ішінде 1219 шақырым шағал және топырақ жол, ал 873 шақырымы — шалғай елді мекендерге тиесілі жол болып тұр.

Сұхбаттасқан
Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

ҚР Мемлекеттік хатшысы Қ.Е. Көшербаев 65 жаста!

Таудың биіктігі ұзаған сайын анық байқалатыны секілді, біз кейде дер шағында аға буынның асыл қасиеттерін лайықты деңгейде бағалай алмай, олардың өлге жасаған жақсылықтарын көпшілікке келістіріп жеткізе алмай жатамыз. Уақыт деген құдіретті төреші бұл кемшіліктің бетін ашқанда, жіберген олқылығымыздың орнын толтырмаққа өршелене ұмтыламыз. Соңынан шарқ ұрып іздеп, қиядан ойға, ойдан орманға сүңгіміз. Қазір де солай...



«...Сырлы өлкенің ақтарсаң
шежіресін,
Ата-баба рухын сезінесің,
Ғасырлармен жалғасып келе
жатқан,

Көшербайдың көшіне
кезгісесің» деп толғады.
«Еңбекқор әулет»
атанған Елеу атамыздың
отбасынан төрт
құбыласын түгендей
түлеп, арзу армандарына
құлаштай қол сермеген,
миятты мұраттарын өмір
межесіне айналдырған
төрт бала өрбіді. Ұлағатты
ұядан түлеп ұшып, кәсіби
өмір жолында Елбасы —
Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан
Әбішұлы Назарбаевтың
тәжірибесін көрген, тәлімін алған,
сол арқылы оның өмір мектебінен
өткен Қырымбек Елеуұлы Нұрсұлтан
Әбішұлының сенімді серіктерінің
біріне, халықтың қалаулысына,
мемлекетшіл тұлғаға айналды.
Еңбек жолын Қызылорда
қаласында қарапайым құрылыс



келісімге қол қою, Маңғыстауды
инженерлік инфрақұрылыммен
камтамасыз ету қаншама еңбек етуді
талап етті десенші...
Мемлекет басшысының
ұсынысымен қай аймақта, қай

Қызылорда Ресейдің жетекші,
мәндәйалды техникалық жоғары
оқу орындарында келісім бойынша
Ресей Федерациясы Үкіметінің
арнайы гранты есебінен 520 мектеп
түлегіне білім алуға мүмкіндік

білімді еңбек керек. Ғылым-
білімнің толық түгел болуы сол
білгенді іс жүзіне асырумен
табылады» дейді. Ғұламаның осы
тұжырымы тікелей Елеуұлына
қаратылып айтылғандай. Өйткені

ӨН ЕГЕ — ӘМІР

Бүгінгі әңгіме арқауы 2013-2019 жылдары Қызылорда облысын басқарған ҚЫРЫМБЕК ЕЛЕУҰЛЫ КӨШЕРБАЕВ туралы болмақ. Ол кісі Премьер-Министрдің орынбасары қызметінен облыс басшылығына тағайындалғанда Сыр жұртшылығы дүр сілкінді. Әрбір тұрғынның жүрегінде тәжірибелі әрі жерлес басшыдан ертенгі күннен жақсылық күткен үміт оты қайта маздады. Әкім әуелі екі айда аралаған аймақтағы барлық 264 кент пен елді мекендерде, одан әрі негізгі еңбек ұжымдарында ақсақалдарымыз ақ батасын беріп, «екі тізгін, бір шылбырды» өз перзентінің қолына аманаттап тапсырып жатты.

Бұл кісіге дейін аймақта ел басқару тізгіні қолдарына тиген азаматтардың елге сіңірген еңбектеріне көлеңке түсіргіміз жоқ. Десек те, тапқанынан жоғалтқаны, сүйінгенінен күйінгені көп өнтімізде қордаланған мәселелер шаш етектен келетін.

Әбіш Кекілбай ағамыз бейнелеп айтқанындай, «Жібек торғын жапқанмен жүндеген түйедей болып қара қайысы көрініп тұратын» халде едік. Жабырқаулы жұртшылықтың ертенгі күнге деген үміті Аралдың суындай тартыла бастаған-ды. Сондықтан да жана басшының алдында өңірде қуатты экономикалық серпіліс жасау арқылы адамдардың өмір сүруге деген құлшынысын күшейту, оларды самарқау қалыптан сергек саналы жағдайға жеткізу міндеті тұрды.

Суың сүзілмейтініне, тамырдың үзілмейтініне тарихи тәжірибеде талай көзін жеткізген дана халқымыздың «Әке көрген ок жонар» дегеніндей, Қырымбек Елеуұлы мәуелі бәйтеректей қоғамшыл, еңбекқор әулеттің өкілі. Атасы Көшербай Дәрібаев ақсақал сонау колхоздастыру жылдарында елге ұйтқы болған, кейін қаба жал, қылқұйрық үйірлерді жусатып-өргізген, әр биенің ізімен құлдырандатып қулын ергізген, еңбегі еленіп, Социалистік Еңбек Ері атанған ел мақтанышының бірі. Әкесі — Елеу Көшербайұлы аймақ тарихына есімі алтын әріптермен таңдаланып қалған тұрпатты тұлғалардың санатынан. Ол кісі қырық жыл аудандық кеңестің депутаты, 26 жыл Қызылорда облыстық кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясы XIV, XV, XVI, XVII съездерінің және СОКП XXVII съезінің делегаты болып сайланған. Қазалы, Теренөзек, Сырдария, Қармақшы аудандарында аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, партия комитеттерінің бірінші хатшысы, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жауапты қызметтер атқарды. Елеу Көшербайұлы аймақтың гүлденіп, көркеюіне қосқан ерен еңбектері үшін үш мәрте Ленин, Еңбек Қызыл Ту және Октябрь революциясы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған айтулы мемлекет және қоғам қайраткері.

Бұған қоса, ұлттық мұраттарға енжар қарайтын кеңестік кезеңде басшылық қызметте бола жүріп, бүкіл түркі текті халықтардың ұлы ұзаны Қорқыт Ата мәңгілік байыз тапқан Қармақшыда бабаға арнап керемет кесене салдырған тәуекелшіл тұлға-тын. Ерлікке пара-пар осы әрекеті үшін кезінде орталық партия комитетінде партиядан шығарып, қызметтен босату мәселесі қаралып, талай қысым көрсе де, ағамыздың есімі бүгінде әлемге әйгіленіп, ұрпақ жадында мәңгі өшпестей қалды. Сыр елінің арқалы ақыны Шәкізада Әбдікәрімов «Күн сайын адам болып өмір сүрген» атты естелігінде:

инженері болып бастаған Қырымбек Көшербаев облыстық, республикалық комсомолда белсенді ұйымдастырушы болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ол жана құрылған Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының ұлтаралық қатынастар жөніндегі референті, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің көмекшісі болды. Одан әрі өз ісіне деген ыждаһатты жауапкершілігімен, терен білімділігімен танылған білікті ұйымдастырушы ретінде 1994-1995 жылдары Алматы қаласы Калинин ауданының әкімі болды. Бұл кезінде оңтүстік астананың 300 мыңнан астам халқы бар республикадағы ең үлкен әрі басқару органдары орналасқан орталық ауданы еді. Бұдан соң ҚР Министрлер Кабинеті Аппараты басшысының орынбасары — ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, ҚР Үкімет Аппараты басшысының орынбасары — аумақтық даму бөлімінің меңгерушісі, ҚР Президентінің Баспасөз хатшысы — Баспасөз қызметінің жетекшісі қызметтерін мұлткісіз атқарды.



Ал ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі (1997-99), ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі (1999), ҚР Білім және ғылым министрі (1999-2000) болған кезеңдегі Қырымбек Елеуұлының батыл бастамалары арқасында мемлекетіміздегі әлеуметтік сала жауапсыз онтайландырудан еңсесін жиып, нарықтық қатынастарға бейімдеу мақсатында қиыр шаралар атқарылды. Жалпы мәдени-рухани сала жаппай қысқарудан алғаш рет даму жолына бет алды. Денсаулық, білім және мәдениет салалары әлемдік озық тәжірибелер жолына алғашқы қадамдарын жасады. Сол кезде бір министрлікте бүкіл мемлекеттік бюджеттің 63%-ы шоғырланыпты. Қ.Е. Көшербаев 2000 жылдан бастап үш жылдан астам Батыс Қазақстан облысының әкімі, екі жылдан астам Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Елшісі, алты жарым жыл Маңғыстау облыстарының әкімі секілді жауапты лауазымды қызметтер атқарды. Елбасының сарабал саясатына қуатты қолдау білдіріп, елімізді алыс-жақын мемлекеттермен терезесі тең дәрежеге жеткізуге өлшеусіз үлес қосты. Әсіресе, Қарашығанақты игеру, Қазақ-Ресей шекарасы туралы

салада қызмет етсе де, оның еңбеккерлігі, талапшылдығы, іскерлігі мен әділеттілігі халықтың көңілінен шығып отырды.

«Ылдидан салса, төске озған, ертеден салса кешке озған» деп Сыр сұлейлері толғайтындай, шашасына шаң жұқтырмайтын тұлпар тұрпатты тегеуріні елді абырой биігіне көтерді.

Қырымбек Елеуұлы алты жарым жылдай туған топырағында басшылық қызметте болғанда ел еңсесін көтеріп, тұрмыс айтарлықтай түзелді. Сөзімізге дәлел үшін сандарды сөйлетейік. Мысалы, осы өткен



кезеңде 50-ден астам жана өнеркәсіп өндірісі іске қосылды, өңдеу өнеркәсібіндегі өнім 31,6%-ға (ҚР-11,9%-ға) артты, ЖӨӨ құрылымында өңдеуші өнеркәсіп үлесі екі есеге өсті. Бұл экономика құрылымындағы өзгерістер қарқыны бойынша ел аймақтары арасындағы үздік көрсеткіш еді.

Тәуелсіздік жылдары алғаш рет 2017 жылы облыста 500 мың тоннадан астам күріштің рекордтық көлемі жиналды. Бакша өнімдерін Ресейге экспорттау қайта қолға алынды. 2017 жылы Иранға, Біріккен Араб Әмірліктері мен Монғолияға көкөніс пен мал экспорттау басталды. 2018 жылы мақсары майы алғаш рет Қытайға жіберілді. 2013 жылы облыстан ауыл шаруашылығы өнімдерінің тек 3 түрі ғана (балық, күріш, кебек) экспортталса, 2018 жылы экспорттық өнімнің саны 15 түрге жетті. Мысалы, балық аулау 6 жылда шамамен 2 есеге өсті. Қазіргі таңда облыста 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді, оның төртеуі 2013 жылдан кейін салынды. Соның нәтижесінде осы жылдары балық өнімдерін экспорттау 10 есеге артты. Алты жыл ішінде 3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2013-2018 жылдары Қызылорда қаласының өзінде 15 жана шағын аудан салынды!

Жан басына шаққандағы әлеуметтік шығындар (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қорғау) бойынша облыс республика көлемінде 1-орынға көтерілді. 200-ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді.

жасаған республика бойынша жалғыз облыс. Ал 2013 жылдан бастап аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, әсіресе, ауылдық жердегі балаларды оқытуға әкім



гранты бөлініп келді. Өткен 6 жыл ішінде 69100 жана жұмыс орны құрылды, оның ішінде 60 мыңы — тұрақты. Жұмыссыздық деңгейі 5,2%-дан 4,8%-ға дейін төмендеді.

Қызылорда қаласы және облыстың 7 аудан орталығының 4-уі газдандырылды, аймағымыз орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі — халықтың 98%-ын қамтыды. Осы кезде облыс халқының саны 53,5 мың адамға артты. Облыс республика бойынша көшбасшы дәрежеге көтерілді.

Әрине, ауыз толтыра айтатын табыстар бұлар ғана емес. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына соншалықты соны серпін беру аймақ басшысы тарапынан асқан ыждаһаттылықты қажет еткені белгілі. Бұған қоса, туған жерде басшылық жасау жауапкершілігінің жүгі де аса ауыр болса керек. Мұны әуежайда Қырымбек Елеуұлы Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне шығарып салып тұрып, «Алтын домбыра» сыйлығының екі дүркін иегері, айтыс ақыны Мұхтар Ниязовтың «...Біздер, бірақ қалай толық түсінейік, елді ойлап, жаныңыздың шер болғанын. Туған жерге қызмет етемін деп, ұйқыңыз, күлкіңіздің кем болғанын. Біздер үшін алты жыл уақыттың, Сіз үшін алпыс жылға тең болғанын» деген арнауының астарынан байқауға болады.

Осылайша, оның Елбасының сенімін, елдің үмітін ақтамаған кезі жоқ. Бұл пікірімізге ағамыз қызмет жасаған аймақтардан аузы дуалы елағаларының артынан бірнеше рет іздеп келіп, елдің алғысын жеткізген жарасымды жағдайлары куә. Қасиетті қазақтың топырағынан шыққан ғұламалардың бірі, фарабитанушы Ақжан әл Машани «Еңбек ету деген нәрсе ғылымсыз, білімсіз болмайды. Сондықтан ғылымды-

қоғамтанушы ғалым ретінде әлемдік дамудың басты трендтері мен оларды басымдыққа бағыттайтын тенденцияларды дер кезінде танып-біле алатын аналитикалық пайымдау қабілетінің арқасында, өзі басқарған салалар мен облыстарды өршелене өрге сүйреп, биік белестерге алып шыға алды.

Білгенге — маржан, білмеске — арзан. Қандай да бір болмасын идеяны ойланбастан мақұлдап, қиналмастан мансұқтай салатын көзқарас пен көзбояушы іскерліктің талай реформаның көзіне құм құйғанын жақсы білетін тәжірибелі ұлтқасы болды. Қырымбек Елеуұлы бойындағы бар асылын мемлекет ісіне, қоғам мүддесіне, ұлттымыздың мынау құндылықтары айнымалы жаһандану тұсында көштен қалмауы жолына сарқа жұмсап келеді. Оның ой-санасында елдік мүдделер мен перзенттік парыз біте қайнасып кеткендей.

Бар өмірі халықтың көз алдында болып, елімен бірге жасасып келе жатқан Қырымбек Елеуұлының мемлекет пен қоғамға жасаған есепсіз еңбегін, рухымызды шындап, намысымызды жанған жасампаздығын бір мақала шеңберіне сыйдыру мүмкін болмас, әрине. Өмірі өнегеге айналған абзал ағамыздың адами мәнге толы ғұмыры үмітпен үкілеп отырған өскелең ұрпағымызға үлгі.

Алдағы уақытта ардақты елағасына мемлекетіміздің болашағы үшін Әбіш Кекілбай данамыз айтқандай, «Нағыз адам жаратып, адам танушы, әлем жаратып, әлем танушы жаппар хақтың өзімен жарысқандай жанкешті жұмысында» толағай табыстар тілейміз.

Біздің осы мақаламен Қырымбек Елеуұлының мақтау сүймейтінін білсек те, ойымыз отанымыз жастарға өнеге болсын деген ниетпен Елдің Ерге деген құрметін көрсету ғана еді. Әрі бұл құрметтің жылдар жылжып өткен сайын артпаса, азаймасы әбден анық.

Нұрлыбек МЫНЖАС,

Қызылорда облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

BIRLIK

Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері – Владимир Чепель. Ақсу ауданы Қапал ауылындағы жас, өршіл және болашағы зор жігіт. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі мен қазақ тіліне деген құрметі шексіз. 1993 жылы қараша айының бір күнінде Қапал перзентханасында дүниеге келді. Оның туу туралы куәлігінде «ұлы – орыс» деп жазылған. Бірақ ол кезде Владимирдің қазақ жанды азамат болып өржетерін ешкім білмеді.

Владимир Чепель казактардың арасында өсті. Бұл оның бала кезінен казак тілін менгеріп, казакы калыпта өсуіне үлкен мүмкіндік берді. Қазір Владимир казак тілінде еркін сөйлейді.

— туған жерге, мемлекеттік тілге және жерлестеріне деген махаббаты. Ол ешкімді мәртебесі, ұлты, сенімі бойынша бөлмейді. Ол үшін бәрі тең. Оның айтуынша, кез келген адамды



құрметтеу керек. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Адам сыйласқанның құлы», «Ақырын жүріп анык бас, еңбегін кетпес далаға», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп келетін қазақ халқының мақал-мәтелдері мен ақылмандарының накыл сөздерін өмірлік қағидасына айналдырған. Владимир жұмыстан босай калса, спортпен айналысады. Спорт өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. «2018 жылы досым Мейрамбек Рақымбаевпен бірге Қапал ауылында ауылдық Мәдениет үйі директорының колдауымен «Kara!

«Мен бала кезден қазақ тілінде сөйлеуді үйрендім. Балалар әрқашан ортақ тіл табады ғой. Көшеде ойнап жүріп, достарымен бірге тіл сындырдым. Басында біраз қиын болды. Дегенмен уақыт өте келе тәп-тәуір менгеріп алдым. Кейін қоғамдық жұмыстарға араласа бастағанда тек сөйлеу тілінің аздық ететінін сезіндім де мемлекеттік тілді білу деңгейін жетілдіруге барынша тырыстым», — дейді Владимир.

Ол бала кезінен қандай жұмысқа да белсенді атсалысты. Алдына үлкен мақсат қойды. Орта мектепті бітіргеннен кейін Талдықорған заң колледжіне түсіп, білім алды. Бірақ мұнымен шектеліп қалған жоқ. Өткен жылы Владимир Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясын құқықтану мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Жас жігіт еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласындағы менеджердің кеңсесінен бастады. Ал бүгін ол өзінің туған ауылында мемлекеттік қызметкер болып жұмыс істейді. Оның айтуынша, көп тіл білу, әсіресе, мемлекеттік тілді жетік менгеру қызметін алға ілгерілетіп, жерлестеріне көмектесуге пайдалы екен. Оның осы ерекшелігін үлкендер мадақтаса, кішілер үлгі етуде.

Владимирдің бойынан мейірімділік, адалдық, ашықтық, мақсаткерлік, қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттің бәрін табуға болады. Бірақ жас жігіттің басты ұстанымы

armwrestlyng club» жаттығу залын аштық. Бұл жерде біз жастарды жаттықтырамыз. Олардың көбі аудандық және қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Біз үшін бұл мақтаныш», — деп ағынан жарылды жас жігіт.

Владимир жақында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының қатарына қосылды. Айтарлықтай жетістіктерге жол сала бастады. Айталық, «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» республикалық форумында Алматы облысы өкілдерінің тобына кірді. Сонымен қатар ол облыстық «Көшбасшы – 2019» байқауында «Үздік жас мемлекеттік қызметші» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. «Өмірде табысқа жету үшін адал еңбек ету керек. Бұған менің анам үйреткен. Анамның айтқан ақылы, көрсеткен жолы, нұсқаған бағыты, ақыл-кеңесі қызмет барысында кезіккен қиындықтарды жеңуге көмектесіп келеді. Бүгінде азды-көпті жетістікке жеткеніммен бұл деңгейде тоқтап қалмаймын. Қашанда мемлекетіміздің дамуына өз үлесімді қосқым келеді», — деді Владимир Чепель.

«Жас келсе, іске» деп халқымыз жігерлі жастарды жақсы ырыммен жебеп отырады. Біз де Владимирдің жетістіктерін жетілдіріп, елдің қамын ойлайтын, берекенің қадірін биіктететін, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіретін істеріне игілік тілеп аттандық.

Әлемді әбігерге түсірген індет бізге көп дүниеге жаңаша көзқараспен қарауды үйретті. Әсіресе, ортақ түсінік, келісім мен ынтымақтаса отырып жұмыс істеу керектігін ұғындырды. Сонымен қатар пандемия медициналық еңбектің құндылығын және көз келген адамның өміріндегі денсаулық мәселесінің алатын орнын айқындап берді.

Жасыратыны жоқ, елімізде де осы бес ай бойы халықтың амандығын сақтау үшін үлкен жұмыстар атқарылды. Тіпті бұл жағдай медицина саласын қайта құрылымдаудың қажеттілігін де ұғындырды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз үндеуінде тұрғындарды инфекциялық бақылау үшін қазіргі заманғы тәсілдердің маңыздылығын ерекше атап өтті. Осыған орай, алдағы уақытта телемедицина мен алыстан диагностикалық бақылауды

дамытудың бағыттарын жетілдіру ісі күн тәртібіне қойылды. Бұл ретте медициналық қызметкерлердің атынан мемлекет тарапынан көрсетілген көмек үшін алғыс білдіргім келеді. Мемлекет басшысы санитарлық-эпидемиологиялық салада жұмыс істейтін дәрігерлерге арналған қаржылық қолдау пакетін жариялап, бәрімізді ынталандырды. Үстеме еңбекақы есебінен жүзеге асырылған көмек менін әріптестерімнің құлшына еңбектенуіне дем берді. Осындай материалдық жәрдемнен бөлек, ел халқының дәрігерлерге көрсеткен сенімі бәрімізге жігер беріп, жылы

ТАТУЛЫҚ БОЛСА, ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢЕМІЗ

Әдетте, дінге, ұлтқа, этносқа бөлінгенімізбен, адамзат өміріне қауіп төнгенде ол мәселелердің кері ысырылып, ортақ ниет, достық пейіл, жылы жүрекпен көмек көрсетудің алдыңғы қатарға шығатынын сезіндік.

Денсаулық сақтау саласының маманы ретінде осы жолғы індет бүкіл әлем елдерінің медицина мамандарына деген құрмет пен қолдаудың аздық етпейтінін көрсетті. Әлемдік қауымдастық медицина саласы мамандарының ерліктерін, олардың жан аямай еңбек ететін белсенділігін бақылап отырды.



сөздер жүрегімізді жылытты. Демек, осындай берекеді де ынтымақты қоғамда әрбір маман өз ісіне сеніммен кірісіп, ел игілігі үшін жұмыс істейтіні бесенеден белгілі.

«Бақ-береке ынтымағы ұйыған жерге қонақтайды» дегендей, біз терең түсіністік, өзара қолдау, татулық пен қалтқысыз ризашылық бар жерде алынбайтынын қамал болмайтынның түсіндік.

Елена ЦЕЛИЩЕВА,
Текелі қалалық емханасының бас дәрігері

Тағдыр табыстырып, тарих тоғыстырған өзге ұлт өкілдері ырысы тасып, ынтымағы жарасқан елімізде бейбіт те берекеді ғұмыр кешуде. Ағайын-туыс, көрші-қолаң, тіпті құда болып жатқандар да баршылық. Соның бірі – қазақтың қарадомалақ баласына тұрмысқа шығып, Ыбырай әулетінің ырысын арттырып, ынабатты келіні атаңған орыс ұлтының қызы Найна Баженова.

Найна Кербұлақ ауданының Талдыбұлақ ауылында 2000 жылы дүниеге келіпті. Бала күнінен өте зерек, алғыр болып өскен бойжеткен мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Волейбол ойнағанды жаны сүйетін Найна Николайқызы

Өзге ұлт өкіліне тұрмысқа шыққан Найна алғашқы уақытта аздап қиналғанын да жасырмайды. Бірақ жас та болса көргені мен көкейіне түйгені мол келіншек отбасының берекесі мен бірлігін асыратын әйел адам екенін терең түсініп, әр жайтты ақылмен салмақтау керектігін жақсы білді.

Дидар мен Найна қызғалдақтай құлпырған кішкентай ханшайымды тәрбиелеп отыр. Найнаның айтуынша, отбасында барлығы қазақ тілінде сөйлейді. Қызының тілі де қазақ тілінде шыққан. «Жұбайым екеуміз де спортпен айналысқанды жақсы көреміз. Қазіргі таңда адамды жігерлендіретін түрлі кітапты оқып жүрмін. Болашақта өз қолымыздан баспана салып, көпке үлгі болатындай отбасы болсақ деп армандаймыз. Ағылшын тілін үйренуді де қолға

ОТБАСЫ – ШАҒЫН ОТАН

өмірлік серігі Дидар Асылханұлымен сол ойынның үстінде танысады. Таныстық соны ұлы сезімге ұласып, екі жас шаңырақ көтереді. «Отбасы – шағын ғана мемлекет. Отау құрғанымызға үш жыл болды. Қазақы отбасыға келін болып түскеніме қуанамын. Ата-енем де жақсы кісілер. Білмегенімнің барлығын енем ақылмен үйретіп келеді. Отбасында қазақтың салт-дәстүрін берік ұстануға барынша тырысамын. Бұл, ең бірінші, жұбайыма және оның туған-туысына деген сыйластығым мен құрметімді білдіреді деп ойлаймын. Келін түскен жерін бақытты етуге міндетті. Мұны анам үнемі айтып отырады. Қазақта «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын» деген жақсы тәмісін бар. Сол үшін жақсы келін атанып, отбасымның берекесін арттыруға барынша тырысып жүрмін», — дейді жас келін.



алдық. Біз жас отбасы болғандықтан заман көшінен қалмауымыз керек. Осы тұрғыда бізді қолдайтын, ақыл-кеңесін айтып, түзу жол көрсететін жақындарымыздың барына қуанамын. Ең бастысы — еліміз аман, жұртымыз тыныш болсыншы. Ал біз, келіндер, қазақ ұлтының санын көбейтіп, шаңырақта береке орнатып, елдің амандығын тілеуден шаршамайық дегім келеді», — дейді қазақтың ынабатты келіні.

Иә, келінге артылған міндет пен жауапкершілік жүгі ауыр. Оны сезіне білген нәзік жан ғана шаңырақтың шаттығын еселей алады. Қазақтың қара шаңырағының берекесін арттырып, қуанышын еселеп отырған кейіпкерімізге бақыт тілейміз.

СПОРТ ҰЛТҚА БӨЛІНБЕЙДІ


Спортта шекара жоқ. Өңір, аймақ, ұлт, нәсіл деп бөлінбейді. Бөріне ортақ бекзада өнердің қызығы мен құпиясы да содан көп болар. Бейбітшілік пен татулықты мақсат тұтқан спорт ешкімді де жатсынбайды. Осындай сыры мен сиқыры көп, қызығымен көпті баурап, жанкүйерін соңынан өбектетіп қоятын спортта қаншама жұлдыздарымыз жүр?!

Олардың арасында түрлі ұлттың өкілі бар. Барлығы да сол спорт өнерінің қайығында бірге жүзіп, бір елдің туын көтеріп келеді. Осындай Алаш алақанына салып, аялап өсіріп келе жатқан жас жеткіншектің бірі — Ұзынағаш өңірінің тумасы, ұлты түрік Адлан Аскаровты да ерекше айтуға болады. Бауырлас елдің ұланы, жастығына қарамай, Қазақ елінің мақтанышына айналды. Боз кілемнің шаңын қағып, талай байрақты бәсекеде елдің намысын жыртып, Көк Туымызды желбіретіп жүр. Бұғанасы толық қатпаған Адлан нағыз казакқа бергісіз балуан десек те артық етпес.

Ұлтты шексіз сүю, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтқа деген адалдық, патриотизм Адланның бойынан ерекше байқалады. Казак ортасында казак тілінде тіл катып, жанына шуақ шашады. Ал боз кілемде көк түріктің ұрпағындай қайсарлық көрсетіп, арыстанша арпалысады. Қанша биікке көтерілсе де, өн бойынан салқынқандылық пен сабырлылықты байқайсын. Жүріс-

тұрысынан казакы ортада өсіп, ортақ тәрбиені бойына сіңіргені көрініп тұр. Кішіпейілділік пен үлкенге құрметі ерекше. Чемпионмын деп мастанбайды, әр ісін байыппен бағдарлайтын

Бапкерінің бар талантын бойына жиған Адлан жыл санап белестерді бағындырып келеді. Бүгінде ұлттық құраманың сапына өтіп, мамандардың оң пікіріне іліккен. Аудан, облыс,



Адланның бойынан спорт секілді бекзадалықты анық көремін.

Ал оның жетістігіне келер болсақ, білікті бапкер Мадияр Құрамысовтың шәкірті.

республикалық чемпионаттардың жеңімпазы. Үлкен спорттағы алғашқы жүлдесі ежелгі Эллада елінен басталды. Кадеттер арасында Афинада өткен әлем чемпионатында қола жүлдені

еншіледі. Бұл оның маңызды жарыстардағы алғашқы жүлдесі. Төрт жылдықтың басты додасы Олимпиада ойындарының алғашқы алауы тұтанатын ежелгі Афина Адланға ақ батасын бергендей, қола жүлдені тұмар ғып тақса, алдағы жолы да жемісті болмақ. Араға жыл салып, тағы да үлкен додаға түсті.

Жетісудың үкілеген балуаны Адлан Аскарлов Таллиндегі жастар арасындағы әлем чемпионатында қола тұғырдан қол бұлғады. Шәкіртіне бек сенген бапкер одан ары шыңдай түсті. Ел ішіндегі додаларға да салып, жүзі қайралған қылыштай жарқыратып алып шықты. Салған жерден олжа салып, алмас қылыштай жарк еткен жас жұлдыз, 23 жасқа дейінгі әлем чемпионатына да жол тартты. Үкілеген үмітіміз сенімнен шықты. Боз кілемде белдескен Адлан алғашқы үш қарсыласын бет қаратпай ұтты. Иран, қырғыз, моңғол балуандарын ұтып, ақтық сайысқа жолдаманы уысына түсірді.

Сонғы шайқаста оны кубалық қаблан Рейнери Ортега күтіп тұрды. Екі мықтының айкасы нағыз драмаға толы болды. Кубалық оғлан бұған дейін екі мәрте әлем чемпионатының алтын тұғырына жайғасып үлгерген әккі балуан. Ал біздің алғайдай балуан да дес берер емес. Жан алып, жан беріскен күресте кубалық спортшының бағы жанды. Адлан күмісті еншіледі. Бұл оның намысын одан ары жани түсті. Алда үлкен белес бар. Ол — Олимпиада ойындары. Оған Адланның бір табан жақын тұрғанын өзі де, өзге де біледі. Оны алдағы уақытта анықтай жатармыз. Ал біз сенген Адланның жерге қаратпайтыны анық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші

«Бірлік бар жерде тірлік бар» екені анық. Осы ұстанымды Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы көпұлтты халық берік ұстап келеді. Соның бір дәлелі – ауданның тыныс-тіршілігіне белсене араласып, тілі мен ділін сақтап, қоғамдық өміріне ұдайы үлес қосатын ұйғыр этномәдени орталығы. Оның жұмысымен егжей-тегжейлі танысу үшін ұйғыр этномәдени орталығының жетекшісі Ұйғын Арзиевті әңгімеге тарттық.

Jas qazaq: Ұйғын мырза, Алматы облысының Ұйғыр ауданы көп ұлттың басын қосқан мекен. Әсіресе, осы ауданда қазақ пен ұйғыр ұлтының үлесі басым. Өзіңіз ауданның тынысына серпін беретін ұйғыр этномәдени орталығын басқарасыз. Елді мекендегі көп ұлттың бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүруінің сырымен бөліссеніз?

Ұ.Арзиев: Ұйғыр мен қазақ ең жақын, туысқан халық. Тарихи тамырластығымыз терең. Ауданымызда басқа да этнос өкілдері тұрады. Тек жоғарыдағы ұлттардың ауданымыздағы үлесі басым. Аудандағы халықтың тыныс-тіршілігі бір-бірімен біте қайнасып жатыр. Ал татулыққа келер болсақ, ең алдымен, бірліктің сыры ол тарихи сабақтастықта жатыр дер едім. Өйткені біздің ата-бабаларымыз осы мекенде тіршілік етіп, ұрпағын өсірді. Осы мекенде енбек етіп,

ҰЙҒЫН АРЗИЕВ:

«ТАМЫРЫМЫЗ БІР, ТАҒДЫРЫМЫЗ ҰҚСАС»

отбасын асырады. Мұндағы әрбір этнос өкілдері осы тарихи мекенді өзінің ыстық ұясына айналдыра білді. Еліміздегі халықтар достығы мен ұлтаралық келісімді көзіміздің қарашығындай сақтап, нығайту, жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, тілімізді, мәдениетімізді және ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптеп, дамыту жолында барлық этномәдени бірлестіктер аянбай енбек етуде.



Еліміздің Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ата-бабаларымыздың сан ғасырдан бергі асыл арманы — «Мәңгілік ел» ұлттық идеясында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты стратегиялық маңызға ие мақалаларында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру жолында біздің этномәдени бірлестік қарқынды жұмысымен ерекше белсенділік танытып жүр. Өздеріңізге белгілі, біздің еліміз нарықтық экономика, азаматтық қоғам және белсенді саяси өмір саласында Орталық Азияға үлгі болуда. Елбасының салып берген даңғыл жолын, қазір ел тізгінін қолға алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүргізіп отырған көреген саясатының ел дамуына тікелей қатысты екенін атап өткім келеді. Осы айтылғандардың барлығы біздің ауданда жоғары деңгейде жүзеге асып келеді. Ол біртіндеп дамудың нақты бағдарын айқындайтын біртұтас

Jas qazaq: Елімізде түрлі ұлттың мәдениетін құрметтеп, бірлікке шақыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы зор. Этномәдени орталықтың дамуына Ассамблея тарапынан қандай қадамдар жасалуда?

Ұ.Арзиев: Біздің елімізде әрбір этномәдени бірлестіктің емін-еркін жұмыс істеп, ойлаған игі бастамаларын жүзеге асыруына мемлекет тарапынан қолдау зор. Өзге елдерден келіп, біздің жұмысымызбен танысып, таң қалысып, тандай қаққандар аз емес. Барлығы ешбір мемлекетте баршаның баласын қанатының астына алып, қамқорлық танытып отырған біздің елдей ел жоқ екенін тілге тиек етеді. Мінеки, осындай бай-қуатты елімізде бейбітшілік пен келісімнен асқан байлық, бақыт жоқ. Бұл асыл қазына болмаса, ешбір істің алға баспайтынына қандай көзі жетуде. Ассамблея осылайша елдің басын біріктіруші күш екенін көрсетіп отыр. «Бірлік бар жерде тірлік болатынын» дәлелдеді демекшімін. Қазақ пен

ұйғыр халқының тамырымыз бір, қайғымыз бен қуанышымыз ұқсас, өмірдің сан мыңдаған сынақтарынан сүрінбей өтіп келе жатқан бауырлас халықтарымыз. Қазақстандағы ұйғырлар, жергілікті толерантты саясаттың арқасында тілі мен ділін ұмытпай, сақтап келе жатыр. Қазақстанда тұратын ұйғырлар ең бақытты ұлттардың



бірі екенін айтқым келеді. Өйткені біздерге, еліміздегі барлық этностар сияқты, тілімізді әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді сақтап, дамытуға кең мүмкіндіктер берілген. Қазіргі уақытта дейін академиялық мәртебені иеленген мемлекеттік театрымыз, республикалық қоғамдық-саяси «Ұйғыр-авази» атты газетіміз, Шығыстану институты қарамағында ұйғыртану орталығымыз жұмыс істейді. Сондай-ақ ұйғыр тілінде білім беретін 67 мектебіміз бар. Одан бөлек, жеке газет-журналдарымыз да жарық көріп жатыр. Оған шектеу жоқ. Қазақстанның дамуына жұмыла үлес қосамыз.

Ассамблеяның мақсаты — қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени қызметін арттыру. Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 130-дан аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды рөл атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Jas qazaq: Аудандағы мәдени шараларға этномәдени орталықтар белсенді қатыса ма? Сіздер үшін салтанатты түрде аталып өтетін маңызды мерекелер қандай?

Ұ.Арзиев: Ұйғыр ауданы орталығында этномәдени бірлестіктер бір-бірімен тату-тәтті, барлығы қазақстандық патриотизммен жұмыс жасап, «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру мақсатында енбектеніп жатыр. Барлық мемлекеттік мерекелерге белсенді түрде қатысамыз. Орталық өз жұмысы барысында халықтың ауызбіршілігі, қоғамдық келісім мәселелеріне ерекше мән береді. Осы мақсатта аналар кеңесі, ақсақалдар алқасы негізгі күш болып есептеліп, игі істер атқарып келеді. Өйткені өз арамызда жеке, отбасылық, тұрмыстық келіспеушіліктер немесе араздықтар тек солардың тікелей араласуымен, ақыл-кеңес беруімен шешіледі. Кейбір мәселелерде біздің жангерлеріміз медиация

тәсілін тиімді пайдаланады. Жалпы адамдарды бір-бірімен татуластыруда, ынтымақтастыруда бұл тәсілдің маңызы өте зор. Сонымен бірге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, биыл қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы биыл елімізде салтанатты түрде атап өтілуі тиіс. Бірақ әлемді шарпыған пандемия салдарынан алдағы өтетін мәдени және спорттық шаралар тоқтап тұр. ЮНЕСКО мен ТҰРКСОЙ аясында атап өтуге жоспарланған бұл шараға республикалық ұйғыр этномәдени орталығы да атсалысуға дайын. Әзірге мәдени шаралардың қай уақытта өтетіні белгісіз. Жалпы біздің этномәдени орталық ауданда өтетін мерекелік шараларда белсенді өнер көрсетіп келеді.

Jas qazaq: Қазіргі таңда әлемді шарпыған пандемия біздің елге де әсерін тигізді. Аудан аясында індетпен күресуге этномәдени орталықтардың көмегі болды ма?

Ұ.Арзиев: Әлемді шарпыған пандемияның біздің елге де әсерін тигізгені рас. Дегенмен Мемлекет басшысы мен жауапты министрліктер тарапынан дер кезінде пандемиямен күресудің нақты шаралары бекітіліп, қолға алынды. Осындай қиын-қыстау кезде бір жұдырықтай жұмылып, бірлігімізді танытып, аты жаман індеттің бетін қайтарып келеміз. Індетпен күресу үшін республика бойынша ауқымды шаралар атқарылды. Біздің ауданымыз да пандемиямен күресте сабырлылық танытып, аудандағы әрбір азамат бұл күресте өзінің үлес қосты десем еш қателеспеймін. Еліміз бойынша құрылған «Біз біргеміз» акциясы біздің ауданда да жүзеге асты. Көптеген аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетілді. «Көп түкірсе — көл» демекші, «Біз біргеміз» атты акция аясында аудандағы аз қамтылған отбасыларға азық-түлік пен киім-кешек үлестірілді. Біздің этномәдени

рухани игілік. Ол адамның Отан игілігі үшін қызмет етуінен, қажет болса, сол мақсат жолында ғұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді. Біз баршаға мүмкіндік беретін қоғам: әрбір адамның жеке басы мен бостандығын құрметтейтін, өзіне-өзі қызмет етуге жағдайы жоқ жандарды қамқорлыққа бөлейтін, қандай еңбекті болса да қабырлейтін, ана мен баланы қорғайтын, зейнеткерлерге қамқор болатын, ардагерлер мен Отан қорғаушыларды ардақ тұтатын қоғам құруға тиіспіз. Бұл — Қазақстанның шынайы патриоттарының басты ісі. Сондай-ақ «Қазақстандық патриотизмді» еліміздің әрбір азаматының санасына сіңіру — кезек күттірмейтін мәселе. Өз Отанының патриоты болу — Қазақстанды жүрегіне ұялату деп ойлаймын. Патриотизм — сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім. Отаншылдыққа тәрбиелеу ұлттық ерлік дәстүрлерге сүйене отырып, жас өскіннің екінші жан-дүниесі, ой-санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталуы керек. Қазақтың патриоттық — отансүйгіштік тәрбиесі — тереңнен тамырын тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетаным-көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып, келер ұрпақты патриоттық-отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш-жігері мен ақыл-қайрат жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес. Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды. Бірақ ол әрбір буында патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Бойымызда отансүйгіштік, ерлік, батырлық, патриоттық сезімдерді арттыру үшін өткен ата-бабаларымыздан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алуымыз керек. Оларды қуана еске алып, мақтана айту -қазақ халқының әрбір перзентінің парызы. Танның атысы күннің батысында тек еліңді еске түсір, Отаныңды ойла, туған жеріңді жырла. Сонда ғана сен «Кішіпейілділік — кішілік емес, кісілік» демекші, кіші емес кісі боласың, ел қажетіне жарар нағыз азамат боласың. Сонда ғана сен бақытты боласың деген қасиеттерді жастарының бойына сіңіру — негізгі міндеттердің бірі. Патриоттық тәрбие — тамыры терең тәрбие. Сол себепті патриоттық тәрбие тамырын



орталықтың мүшелері осындай қайырымдылық шаралардың басы-қасында болып, барынша көмек көрсетті.

Jas qazaq: Сіз үшін Отан, патриоттық сезім деген ұғымдар нені білдіреді?

Ұ.Арзиев: Отанға сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм — тулғанын дамуындағы ең жоғарғы деңгейді сипаттайтын аса маңызды

кенге жаюы тиіс. Біз осы ұғымды өз ұрпағымыздың бойына сіңіріп тәрбиелеуіміз керек. Еліміздегі қай ұлттың өкілі болмасын, ең алдымен Қазақстан деп аталатын шаңырақтың әрдайым тұғыры биік тұруы жолында қызмет етуі керек деп санаймын.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Мұқтаж жандарға көмек көрсетіп, жетіспей жатқандарды жөбеп жіберу қанымызда бар қасиет. Қашанда кеңқолтық халқымыздың асыл қасиеті бүгінгі індет жайлаған кезеңде де керініс тауып жатыр. Осы ретте, Жетісу кәсіпкерлері коронавируспен күресу кезінде мұқтаж жандарға белсенді көмек көрсетіп жатқанын айта кеткен жөн. Олардың қатарында Ескелді ауданының тұрғындары, сондай-ақ еріктілер де бар.

Сол қатарда Ескелді ауданындағы «Рыспаев» шаруа қожалығының басшысы Ниязбек Рыспаев қолдау көрсеткен кәсіпкерлердің көшін бастап тұр. Ол өз қаражатына мұқтаж отбасыларға азық-түлік сатып алып, көпбалалы отбасыларға, Қайнарлы ауылдық округіндегі жалғызбасты қарт адамдарға тегін таратуда. Сондай-ақ ауыл тұрғындары оның жеке дүкенінен айдың соңына дейін нанды тегін ала алады. Бүгінде көрші-қолан, туыс-туған, қандастарынан сырт, сол ауылда қоныстанған өзге ұлт өкілдері де оның қайырымдылығының куәсі болуда. «Бөріңізге белгілі, кезінде ата-әже, әке-шешелеріміз сонау қиыр шеттен қазақ даласына жер аударылған



өзге ұлт өкілдеріне бір жапырақ нанымен бөлісіп, үйіне тұрғызып, жақынан жәрдем көрсетті. Олардың осы өлкеде ұрпақ өсіріп, болашағын жалғауға дем берді. Сол асыл қасиетті көріп өскендіктен, біздің бойымызға да қайырымдылық қасиеті сіңді. Қазіргі қиын уақытта бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Сондықтан ұзақ ойланып, ауылдастарымды азық-түлікпен қамтамасыз етсем деген тоқтамға келдім. Ешкімді алаламай,

осы ауылда қоныстанып, татулықта тірлік кешіп отырған өзге ұлт өкілдеріне де шамам жеткенше көмектесіп келемін», — дейді Ниязбек Бейсембайұлы.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, кәсіпкердің қамқорлығына ауылдастары риза. Әсіресе, оның барлық адамды бірдей көріп, бауыр санап, жақын тартатын жақсы істерін мақтаныш етеді.

«Ниязбектің үлгілі ісін ауылдағы барлық адам біледі. Ол үшін адамдардың түрі, ділі, діні, тілі маңызды емес, бәрін де бауырым деп біледі. Сондықтан біз де балаларымызға оның игілікті ісін, адамгершілігін, кеңпейілділігін үнемі айтып, тәрбиелеп отырамыз», — дейді ауылдастары.

Айтпақшы, кәсіпкер тек өзі туған ауылына ғана емес, соған көрші бірқатар кент пен ауылдық округтерге де көмектесіп келеді.

Қажет АНДАС,
Ескелді ауданы
Алматы облысы

ҚАЙЫРЫМДЫҚ – САУАПТЫ ІС



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ҚОҒАМ



Домбыра – халқымыздың сан мың жылдан бергі ұлттық музыка аспабы. Домбыраның жиырмадан астам түрі кездеседі. Өйткені аспапты жасайтын шеберлердің өз үлгісі болды. Шеберлер аспаптың материалына, адамның өнеріне қарай аспапты түрлендіріп, дамытып отырған.

Домбырасы шешен, қолы шебер

Жолаушы Тұрдығұлов – домбыра жасаудың нас шебері. Әнші-күйшілер арасында «Жолаушының домбырасы» деген бейресми бренд қалыптасқан. Өнер де тұқым қуалайды. Шебердің арғы аталары ісмер болыпты. Бізге берген сұхбатында шебер: «Менің нағашыларым шебер кісілер болды. Ал әкем сері, палуан болды. Нағашы бабам Байжұма камшыгер, батыр, шебер болыпты. Домбыра жасаған. XVIII ғасырдың аяғында сотталып, Сібірге айдалып кетіпті. Еліне аман-есен қайтқан кезде ағаштан ойып билететін бұғы жасап алып қайтқан ғой. Қазіргі «Ортеке»,



ісмерлер көп болыпты. Музыка аспабын, яғни домбыра жасау үшін оны тарта білу керек. Шебердің құлағында дыбысты танитын қасиет болмаса, ол домбыра жасай



— деп сөз басталды. Сал-серілер домбыра-кобызын дауыс мүмкіндігіне, қолы мен саусағының ұзындығына қарай бейімдеп, өздері жасап алатын. Оның үстіне, бұрын музыкалық аспап жасайтын шебер қазіргідей көп болмаған. Зергер мен тұрманшы, ыдыс-аяқ жасайтын

болады. Қазақтың дәстүрлі ән-күйінің үніне, иіріміне, талабы мен дыбыс мүмкіндігіне келетін ағаш – қызыл ағаш. Біз оны көптеген эксперимент арқылы байқадық. Ең қымбат домбыраны Ібін ағашынан жасаймын. Бұлар шетелден келеді. Қап-қара. «Негр ағаш» деп қоямыз. Дыбысы жақсы. Бірақ бағасы қымбат», — деп түсіндірді. Музыкалық аспап жасау үшін шеберліктен бөлек, математикадан, геометриядан сауатты болу керек. Байырғы қазақ қоғамында шеберлер домбыраны бүтін ағаштан оятын. Қазіргі ісмерлер құрама домбыра жасайды. Шебердің айтуынша, құрама домбыра шанағының тактайшалары бірдей, мойын мен шанақтың арақатынасы өлшемге сай болғаны дұрыс. Перне мен ішек, тиек пен құлақ талапқа сай жасалады. Сонда ғана үні қоңыр, дыбысы мақпалдай жұмсақ, қоныраудай тұнық шығады.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ЖҰМБАҚ




Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұжымы сармат дәуіріндегі «Алтын әйел» бейнесін реконструкциялау эскизін ұсынды.

Жұмбақ ару



Алғашқы зерттеулер барысында қорғанда сармат дәуіріндегі бай әйел жерленген деп топшыланды, — деді. Қорғаннан алтын жапсырмалар, керамикалық ыдыстар, қола мен металдан жасалған жебе ұштары, ат



Бұл туралы музей директоры Рашида Харипова мәлімдеді. Ол: «Алтын әйел» сармат дәуірінде өмір сүрген. Жергілікті археологтар үш жыл бұрын Қызылқоға ауданындағы қорғандарды қазу кезінде алтын бұйымдардың бөлшектерін тапқан.



әбзелдері, қабанның азу тісі секілді көне бұйымдар табылған. Карантин аяқталғаннан кейін археологтар «Алтын әйелдің» бейнесін қалыпқа келтіруге кіріседі. Ежелгі қорғандарды қазу жұмысы қайта жалғаспақ. Ғалымдар сол кезде жұмбақ әйелдің толық бейнесін жасауға септігі тиетін қосымша жәдігерлер табылады деген үмітте.

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі!

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

БҮГІНГІ САТИРА



Әншілердің әжептеуір атағы бар, мінездерінде шағағы бар, бөріктерінде шашағы барлардың біразы лотерея ойнатып, қалталарын камба етіп алғалы, менің де тынышым тышқаншылап кетті. Айқайбек деген атым бар, Шыңғырғанұлы деген затым бар, қысқасы, бірдене айтуға датым бар, айтсам сол: әнші ретінде менің де, лотерея ойнатуға хақым бар!

Әуелі қайын жұртымды қатырайын деп ойладым. Әрі тәжірибеден тәлтіректемей өтіп кетсем, халыққа ауыз саламын ғой! Мұны құмар ойын, демес үшін, «қайырымдылық» қайығына отырып алып, қайын жұртыма



Қайын жұртымды қатырайын

тартып кеттім! Қайын атамның үйіне қайын жұртым жиналған соң, шабаданымды аштым да: — Лотерея ойнатамын! Лотерея — «Қайынский жұрт» деп аталады, нағыз ойын бір аптадан кейін осы жерде басталады! Ұтысқа: Сирияға

саяхат, Ауғанстанға тауға шығу, үш трактор, оның болттарын жиендеріңіз бұрап тұр, ұтысқа жұрт тағы не бар деп сұрап тұр. Екі сарай, оның ішінде екі малай, он қой, ұтып ал да, сой, деменіздер жәй пешкі, жеті ешкі, тоғыз теке, ұтамын дегендеріңіз, менімен сөйлесіңіздер жеке! Осының бәрін атакты демеушілер беріп отыр, менің саликалы

сөздеріме еріп отыр, қысқасы, сіздерге сеніп отыр. Мақсатымыз — сіздерді жарылқап, қуанта беру үшін келіп отырмын!

— Күйеубала жарайсын, маған лотерея беруге қалайсың? — Мә, ақша, өзін онашала санайсың! — деп шулады қайын жұрт.

— Токтаныздар, егер алдап кетсем, артымнан алпыс алты рет боктаңыздар! Бір шабадан киім алып келдім. Мынау менің

алғашқы ит көйлегім, мынау менің бит көйлегім, мынау бесікте жатқандағы шүмегім, осыларды он бес мыннан сатып аласындар, ұтқандарыңыз жоғарыдағы ұтыстарды атып аласыздар!

Қайын жұртым ақшаға қарық қылып, бетімнен айғыздай сүйіп шығарып салды. Сол кеткеннен мол кеттім, қыздарын тастап, басқа бір мадоннамен сібежіі махаббатымды бастап, мол байлыққа өрең жеттім! Құдай қаласа, тағы бір лотерея ойынын бастаймын, сеніңіздер маған, ешқайда қашпаймын!

Мұхтар ШЕРІМ

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терішші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2208;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.